

М.Н. Есенғұлова\* , Д.Ж. Рамазанова , А.К. Тоғайбаева ,  
Б.Б. Ертлеуова , М.А. Аманжол 

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.  
\*e-mail: ms.miko77@mail.ru

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Балалардың тілінің зақымдалуына байланысты дыбыстарды дұрыс айту қабілетін дамыту арнайы педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Мақалада отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты шолу жасалып, логопедиялық жұмыстар арқылы дыбыс шығару кезеңдері теориялық тұрғыдан талданады. Қашықтықтан оқытуда ерекше білім беру қажеттілігі бар мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту әдістемесіне шолу жасалды. Жаңартылған әдістеме қоғамдағы өзге адамдармен тең қарым-қатынас орната отырып, жоғары сапалы білім беруге және балалардың қоршаған ортаға бейімделуге мүмкіндік береді. Әдістемелерді тәжірибелік сынақтан өткізуге Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақбота» сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балабақшасымен «Сөйлеу орталығы» түзете-дамыту орталығының 20 тәрбиеленушісі (әр мекемеден 10 бала) қатысты. Зерттеу жұмысына қатысқан балалардың ата-аналарынан рұқсат пен келісім алынды. «Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшасы балалардың қашықтықтан оқыту технологияларын тиімді қолдануға дайындығын дамыту үшін әзірленген. Эксперименттік зерттеу 3 кезеңнен тұрды – диагностикалық, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері. «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» мобильді қосымшалары арнайы балабақшада сынақтан өтті. Қолданылған әдістемелердің тиімділігі көрсетілді.

**Түйін сөздер:** қашықтан оқыту технологиясы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, мектеп жасына дейінгі балалар, логопедия, тіл бұзылысы.

M.N. Yessengulova\*, D.J. Ramazanova, A.K. Togaibayeva,  
B.B. Ertleuova, M.A. Amanzhol

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan, Aktobe  
\*e-mail: ms.miko77@mail.ru

### The Use of Distance Learning Technology for Preschool Children with Special Educational Needs

The problems of developing the ability to correctly pronounce sounds in connection with their language impairments in children is one of the pressing problems of special pedagogy. The article provides a review of the works of domestic and foreign scientists with a theoretical analysis of the stages of sound production through speech therapy work. A review of teaching methods for preschool children with special educational needs in distance learning was carried out. The updated methodology allows you to build a high-quality education and adapt to children's environment, building equal relationships with others in society. 20 pupils of the special kindergarten "Akбота" and the speech therapy center "Speech Therapy Center" of the education department of the Aktobe region (10 children from each institution) took part in the experiment to test the methodology. For the study, permission and consent were taken from the children's parents. The "World of Sounds" program was developed to develop readiness to use distance learning technologies to work with children. The experimental study consisted of 3 stages – diagnostic, formative and control stages. The mobile applications "Literate Child" and "World of Sounds" have been tested. The effectiveness of the updated technique has been demonstrated.

**Keywords:** distance learning technology, children with special educational needs, preschool children, speech therapy, speech disorders.

М.Н. Есенғұлова\*, Д.Ж. Рамазанова, А.К. Тогайбаева,  
Б.Б. Ертлеуова, М.А. Аманжол

Актюбинский Региональный университет им. К. Жубанова, Казахстан, г. Актюбе

\*e-mail: ms.miko77@mail.ru

### Использование технологии дистанционного обучения для детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями

Проблемы формирования умений правильно произносить звуки в связи с их языковыми нарушениями детей – одна из актуальных проблем специальной педагогики. В статье проведен обзор работ отечественных и зарубежных ученых с теоретическим анализом этапов постановки звуков путем проведения логопедической работы. Проведен пересмотр методики обучения для детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями в условиях дистанционного обучения. Обновленная методика позволяет построить получить качественное образование и адаптироваться к детям среде, выстраивая в обществе равные отношения с другими. В эксперименте по апробации методики приняли участие 20 воспитанников специального детского сада «Акбота» и логопедического центра «Логопедический центр» управления образования Актюбинской области (по 10 детей из каждого учреждения). Для исследования были взяты разрешения и согласия у родителей детей. Была разработана программа «Мир звуков» по формированию готовности к использованию технологий дистанционного обучения для работы с детьми. Экспериментальное исследование состояло из 3 этапов – этапов диагностики, формирующего и контрольного этапов. Апробированы мобильные приложения «Литературный ребенок» и «Мир звуков». Показана эффективность обновленной методики.

**Ключевые слова:** технология дистанционного обучения, дети с особыми образовательными потребностями, дети дошкольного возраста, логопедия, нарушение речи.

#### Кіріспе

Бүгінгі күнде елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сандық көрсеткіші жыл өткен сайын өсе түсуде. Білім беру салаларындағы реформалар бұл балалардың тану, іздену, өзін жүзеге асыру іспеттес қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге байланысты Қазақстан Республикасының келесідей мемлекеттік бағдарламаларының қабылдануы – бұл балалардың құқықтары мен қажеттіліктерін ескеру және жүзеге асыру мемлекеттік деңгейдегі маңызды мәселе екендігін дәлелдейді. Еліміздегі жоғарыда аталған стандарттар негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеу мәселесі жан-жақты қарастырылуда. Қазіргі уақытта барлық тұлғалардың мұқтаждықтарын ескере отырып, мектепке дейінгі жастағы ерекше қажеттіліктері бар балалардың жан-жақты және сапалы білім алуын жүзеге асыру еліміздің білім беру жүйесінің дамуында ерекше мәнге ие болып отыр. Осы орайда әлемдік деңгейде қабылданған тенденция негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану маңыздылығы артып келеді.

Қашықтан оқыту технологиясын кеңінен қолдану барлық балалардың тең дәрежеде білім

алуын қамтамасыз ете отырып, қоғамға бейімделуіне мүмкіндік береді. Осы тұста ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қоғамға ыңғайлы жағдайда кіріктіру үшін қажет дағдыларды игерту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі күнге дейін ерекше балаларды оқыту арнайы білім беру мекемелерінде немесе жалпы білім беретін ұйымдардың арнайы және инклюзивті білім беру сыныптарында (топтарында) жүргізілуде. Оқытудың конструктивистік теориясы балалардың әлеуметтік, мәдени контекстерін ескере отырып, өз тәжірибелерінен қалай үйренетінін қарастырады. Қашықтан оқыту балалардың жағдайлары мен күш-жігеріне көбірек тәуелді болғандықтан, конструктивистік оқыту маңызды болып саналады. Бұл жағдайдан шығудың жолы – ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қашықтан оқыту технологияларын тиімді қолдану болып табылады (Tsang, 2021:446) [1].

Мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қашықтан оқыту олардың жаңа білімді игеруіне, жаңа әдістер арқылы өз бетінше жұмыс жасауына, үйде немесе маманмен пікір алмасуына, сонымен қатар мамандар мен ата-аналардың жүктемесін айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеуі мен танымдық қабілеттеріндегі кемшіліктерді түзетуде және дыбысты жеке дұрыс айтуға үйренуі-

не үлес қосатын мобильдік қосымшаларды қолдану тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденуде.

Қашықтан оқыту негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту әдістемесін негізге ала отырып, оны ғылыми тұрғыдан жасақтау олардың білім алып, өз құрдастарымен байланыс орната отырып, ортаға әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған қашықтан оқыту технологиясын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру және дамыту – еліміздің Батыс аймағындағы Ақтөбе өңірі үшін де маңызды мәселелердің бірі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балаларды қашықтан оқытудың өзектілігі қазіргі оқыту технологияларын енгізудің жаңа тәсілдерін ғылыми тұрғыдан негіздеп, танымдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталуы болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижесінде қолданысқа ұсынылатын электрондық ресурстар қашықтан оқыту технологиясының тиімділігін арттырады. Дәл қазір бұл салада қолға алынатын іс-шараның бірі технологиялық және цифрлық жаңғырту негізінде еңбек өнімділігінің артуына мүмкіндік береді (Баршаға қолжетімді сапалы білім, 2023:3) [2].

Осы тұста мектепке дейінгі жаста қашықтан оқыту технологиясын қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыра кетейік.

Артықшылықтары:

- қашықтан оқыту технологиясы арқылы мектепке дейінгі жастағы ерекше балалардың біліктері мен дағдыларын түзету жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі бар;

- үй жағдайында білім алып жүрген балалардың өз бетімен қолдануға мүмкіндігінің болуы;

- оқытудың индивидуалды сипатының болуы. Қашықтан оқыту сабақтары (логопедиялық сабақтар) жеке-жеке ұйымдастырылатындықтан білім алушылардың ерекшеліктері толық ескеріледі;

- қашықтан білім беру технологиясы көмегімен ұйымдастырылатын түзету жұмыстары (балалаға бағытталған) сипатқа ие, яғни логопедиялық сабақтар жеке баланың мүдделерін ескере отырылып ұйымдастырылады. Мысалы, баланың бос уақытын ескере отырып, мерзімі көрсетіліп, бекітіледі;

- мектепке дейінгі жастағы балалардың өзін еркін ұстауына жағдай жасалады;

- баланың сөйлеу тіліндегі кемшіліктері түзетілумен бірге баланың ақпараттық құзыреттілігі қалыптасады.

Қашықтан оқытудың артықшылықтарымен бірге кемшіліктері де орын алуда. Атап өтетін болсақ:

- логопедтің түзету жұмыстарын қашықтан оқыту технологиясы көмегімен ұйымдастыру үшін арнайы балабақша ұйымында оқу ортасының жетіспеушілігі. Бұл оқу ортасына электронды қорлар, электронды-цифрлық қорлар, ақпараттық технологиялар, бір сөзбен айтқанда логопедиялық түзету жұмыстарды қашықтан оқыту технологиясы көмегімен ұйымдастыруға көмектесетін технологиялық жабдықтармен жан-жақты қамтамасыз етілуі тиіс. Біздің еліміздің жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін түзету сабақтарын ұйымдастыруға көмектесетін электронды ресурс (қазақ тілінде) көздері жетіспейді десек те қателеспейміз.

- электронды ресурс көмегімен ұйымдастырылған оқу ортасын жүзеге асыратын мұғалім логопед мамандардың аз болуы. Көп жағдайда өзі бір жағынан білікті логопед маман, екінші жағынан электронды-цифрлық көздер көмегімен білім бере алатын (логопедтің түзету жұмыстарында ақпараттық коммуникация құралдарының негізінде ұйымдастыра алатын) кадр табу да күрделі мәселе.

- қашықтан оқыту технологиясының көмегімен логопедтің түзету жұмыстарын ұйымдастыруда мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бұл сабақтар міндетті түрде ата-ананың қатысуымен өту керектігі бұл технологияның басты кемшіліктерінен екендігін анықтайды (Алехина С.В, 2014:16) [3].

Мектепке дейінгі ересектер тобындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарын түзетудегі қызметінің мақсатына бағытталған формасында жеткіліксіз дамуы байқалады. Қызметтің негізгі компоненті сөйлеудің мағынасын иеленеді, олардың вербализациясы оны орындау барысында басқару құралы ретінде қызмет етеді. Осыған орай, мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту барысында оқу қызметінің алғышарттары қалыптасуының белсендіру процесінің мүмкіндігі анықталуда. Бұл логопедиялық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін қашықтан оқыту технологияларының ішінде қолдануға тиімді және дамуына ықпалын тигізеді. Барлық қажеттілік алғышарттардың ішінен оқу қызметін жүзеге асыру үшін, біздің көзқарасымыз бойынша, сөйлеу қызметін меңгерудің көрсеткіші сөздік

регуляция болып табылады. Сөйлеу тілі бұзылған мектепке дейінгі жастағы балаларға арнайы білім беру желісінің алғашқы буыны және бұл білім балалардың келешекте оқу қызметімен байланысты (Елеуова А.Е.: 2020:33) [4].

Жеке тұлғаны қалыптастыруда мектепке дейінгі тәрбие жұмысының маңызы өте зор. Баланың тұлғалық қалыптасуындағы осы кезең ата-аналар мен білім беру мекемелерінің басты назарында болуы керек. Ғылыми жұмыстың жүзеге асырудың негізгі идеясы мектепке дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар мектепке дейінгі жастағы балаларға алғашқы әріпті тануда және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды игеруде тиімді жағдай жасау үшін қашықтан оқыту тәжірибесін белсенді түрде жүзеге асыру болып табылады. Қашықтан оқыту арқылы балалардың білім алу қажеттіліктерін және қолжетімділігін кеңейтеді.

### Әдебиетке шолу

Қашықтан оқыту – арнайы білім беру мекемесінен алыс және қашықта да мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға электрондық (цифрлық) мағлұматтық қорлардың көмегімен түзету жұмыстарын жоспарлау арқылы түрлі білім беру қызметтерін іске асыратын жүйе. Ғалым К.А. Михальченко (Михальченко К.А., 2014:16) [5] ең алдымен қашықтан оқыту принциптерінің мәселесін жіктеу барысында қашықтан оқытудың келесі принциптерін айқындады:

1. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың өз бетінше әрекет ете алу принципі.
2. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың білім алуға деген белсенділік принципі.
3. Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларға білім берудегі ұйымдастыру немесе топтастыру принципі. Қашықтан оқыту технологиясы негізінде түзету жұмыстарын ұйымдастыруда логопед (немесе мұғалім-логопед) балалар, олардың ата-аналары топтасып, бірлесе іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажет. Қашықтан оқыту технологиясы дәл осы топтасып іс-әрекет ету принципіне сүйенеді.
4. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қашықтан оқыту технологиясы негізінде логопедтің түзету жұмыстарын ұйымдастырудың іс-әрекеттік принципі. Логопедтің түзету жұмыстары – арнайы, жүйеленген, бірізділенген іс-әрекеттер негізінде ұйымдастырылады. Сол үшін де қашықтан оқыту технологиясы негізінде

ұйымдастырылатын логопедиялық түзету жұмыстарын балаларға мағлұматтар беру көзделмейді. Осы принципті ұстану маңыздырақ болса керек.

5. Қашықтан оқыту технологиясы негізінде логопедтің түзету жұмыстарын ұйымдастырудың индивидуалдылық принципі. Осы принцип бойынша әрбір ерекше білім алу қажеттілігі бар баланың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламалары таңдалады.

6. Алған оқу нәтижелерін тәжірибеде қолдану принципі.

7. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың қашықтан оқыту технологиясы негізінде ұйымдастырылған түзету жұмыстарының нәтижесінде өз сөйлеуіндегі қол жетімді өзгерістерді байқау немесе өзіндік рефлексия жасау принципі.

8. Қашықтан оқыту технологиясы негізінде логопедтің түзету жұмыстарын ұйымдастырудағы жүйелілік және біртұтастық принципі.

9. Қарым-қатынас түрлерін үйлестіру принципі.

Сонымен қатар ерекше балаларды оқыту үшін арнайы педагогтарды даярлау мәселелерімен Florian L., Linklater H.[6], Zalizan M.J.[7], Cagran B., Schmidt M.[8] іспеттес шетелдік авторлар қарастырса, ТМД және отандық авторлардан С.В. Алехина [3], профессор Р.А. Сүлейменова [9], А.К.Жалмухамедова [10], Б.А. Шабанова [10] және т.б. зерттеді.

Мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясы негізінде сөйлеу тілін дамытуды ұйымдастырудың басты тетігі – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар екені мәлім. Осы тұста көрнекті ғалым Е.В. Каракулова өз зерттеулерінде мұғалім логопедтің іс-әрекеттерінде қашықтан оқыту технологияларын қарастырып, логопедиялық сабақтарда видео және аудио сүйемелдену негіздері, мультимедиялық презентациялар, сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларды түзетуге арналған түрлі мобильдік қосымшалардағы дамыту ойын жаттығулары мен тапсырмалары және т.с.с. ақпараттық технологиялардың көмегімен қашықтан оқыту технологиясы негізінде түзету жұмыстарын ұйымдастырудың мүмкіндіктері мен артықшылықтарының жоғары екендігін атап өткен. (Е.В. Каракулова: 2021:170) [12]. Сондай-ақ автор мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін түзетуге де қашықтан оқыту технологиясын пайдалану



барысында ақпараттық технологиялардың қай түрі тиімдірек екендігін, логопедтің жұмысында ақпараттық технологияның қай түрін қолдану арқылы оң нәтижеге жетуге болатындығы зерделенген. Сондай-ақ мектепке дейінгі жастағы балалармен логопедиялық түзету жұмыстарының қашықтан оқыту формасының артықшылықтары мен кемшіліктері және педагогикалық мүмкіндіктерін қарастырып, «басты шешуші фактор – ол мұғалім-логопедтің дайындығы» деп ерекше атап көрсеткен.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуда логопедтің қашықтан оқыту технологиясын практикалық пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері туралы зерттеген ғалымдардың бірі М.И. Лынская болатын (Лынская М.И: 2016:16) [13]. Автор логопедиялық түзету жұмыстарды қашықтан оқыту технологиясы арқылы ұйымдастырудың педагогикалық ерекшеліктерін анықтай келе, сөйлеу тілін дамытуда қашықтан оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық артықшылықтары мол екендігіне назар аударды. Дегенмен, мектепке дейінгі ұйымдағы логопедтің түзету жұмыстарында қашықтан оқыту технологиясын пайдаланудың өзіне сай қиыншылықтары да жоқ емес.

Осы орайда, мақала тақырыбы шеңберіндегі зерттеулерді талдай отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуда қашықтан оқыту технологияларын пайдаланудың педагогикалық шарттары мен механизмдері жүйеленбегендігін байқатты. Сондықтан да, біз өз зерттеуімізде мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілін дамытуда қашықтан оқыту технологиясын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен шарттарын бірізділікпен жүйелеуді, әрі анықтауды мақсат тұттық.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-теориялық еңбектерді талдау, бақылау, әңгімелесу, жүйелеу, салыстыру, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар, статистикалық, талдау әдістері мен балалардың сөйлеу тілінің деңгейін анықтауға бағытталған диагностикалары қолданылды.

### **Зерттеу нәтижелері және талқылау**

Зерттеу базасы: Ақтөбе облысының білім басқармасына қарасты «Ақбота» арнайы балабақша мен «Сөйлеу орталығы» логопедиялық орталығында жүргізілді. Жоба барысы бойынша

жүргізіліп отырған тәжірибеге «Ақбота» арнайы балабақшасындағы «Жұлдыз» тобының 10 тәрбиеленушісі, Сөйлеу орталығынан 10 білім алушы қатысты.

*Зерттеу кезеңінің мақсаты* – мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беруде (яғни логопедтің түзету жұмыстары) қашықтан оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық тетіктері мен мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибелік талдау.

Бұл бағытта жүргізілген бақылаулар, талдаулар барысында экспериментке қатысқан балалардың іс-тәжірибесі, ғылыми-әдістемелік даярлық деңгейлері талданды. Зерттеу жұмысымызда әңгімелесу, талдау әдістерін кеңінен және кешенді қолдану негізінде біз балалармен жұмыс жасаудың қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану дайындығын қалыптастыратын «Дыбыстар әлемі» атты арнайы бағдарламасын жасақтаудамыз. Өйткені осындай «Дыбыстар әлемі» атты арнайы бағдарламаларды жасау ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қоғам сұранысына ие болып отыр.

Зерттеу мақсатымызға сай арнайы оқыту мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану мүмкіндіктерін оқытуды жүзеге асырудағы даярлығы мәселесіне теориялық талдаулар, зерттеулер жүргізіп, мектепке дейінгі жастағы балалармен жүргізілген тәжірибедегі даярлық деңгейі туралы тұжырымдар жасалды.

Тәжірибелік зерттеу 3 кезеңнен, яғни анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдерінен құралып, әрбір кезеңнің алдына арнайы мақсаттар қойылды.

1. Анықтау кезеңінің мақсаты – мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу деңгейін анықтау.

2. Қалыптастыру кезеңінің алдына қойған мақсаты – мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілін қашықтан оқыту технологиялары арқылы дамыту.

3. Бақылау кезеңінің алдына қойған мақсаты – қалыптастырушы эксперименттік кезеңінен кейінгі эксперименттік топ балаларының сөйлеу тілінің даму деңгейін айқындау.

Жоба аясындағы тәжірибеге қатысушы балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау мақсатында тәжірибе жұмысында диагностикалық зерттеуде қолда-

нылған бірнеше әдістер қолданылды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға логопедиялық сабақты қашықтан оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыруда «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшалары құрастырып, сыннан өткізілді:

«Сауатты бала» мобильдік қосымшасын жабдықтау мақсатында әдістемелерді жинақтап 3 түрлі бағыттағы топтамалар арқылы жүзеге асырылды. Олар:

1. *Танымдық қызметтерді дамыту* – бірнеше бөлектерден тұратын тапсырмалардың жиынтығынан құралған. Атап айтсақ,

- Артығын тап.
- Түстерді ажырату.
- Пішіндер.
- Бөліктерді құрастыр.
- Жұбын тап.
- Суретші қатесін тап.
- Сәйкестендіру.
- Жыл мезгілдері.
- Сиқырлы сандар.
- Суретті бояу.

2. Лексикалық тақырыптар:

- Рәміздер.
- Менің отбасым және достарым.
- Жеміс-жидектер және көкөністер.
- Үй және жабайы жануарлары.
- Азық-түлік.
- Дене мүшелері.
- Көліктер.
- Үй жиһаздары.
- Қызықты кітаптап әлемі.

«Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшасын жабдықтау мақсатында әдістемелер жинақталып, екі топтамаға біріктірілді. Оның алғашқысы «Артикуляциялық жаттығулар», екіншісі «Дыбыстар әлемі» деп аталды.

Артикуляциялық жаттығулар бөлімінде жаттығулардың атауы, орындауға қажетті нұсқаулығы мен суреттері бейнеленді. Дыбыстар әлемі бөліміндегі дыбыстарды дұрыс айтуын тексеру және түзетуге арналған тапсырмалар мазмұны келесідей құрылды:

- Дыбысты буында, сөзде, сөйлемде ажырату;
- Фонематикалық қабылдауын қалыптастыру;
- Дыбыс айтуды машықтандыру;
- Ұқсас дыбыстарды ажырату;
- Байланыстырып сөйлеуді дамыту;

Жоба мақсатына сәйкес тәжірибе барысында өңірімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мәдени-білім ортасын құру, мобильдік қосымшамен білім берудің қолже-

тімділігін арттыру және үй жағдайында отырған балалардың қарым-қатынас шеңберін кеңейтіп, коммуникативті дағдылар мен ұжымдық жұмысты жақсарту көзделді.

Электронды оқу ресурстары – білім беру бағдарламасы бойынша балалардың сөйлеу тілін жүйелі дамытуға бағытталған әдістемелік материалдар жиынтығы. Оларға:

- презентация түріндегі кеңес беруші ойындар;

- ата-аналар үшін мастер-кластар;
- квесттер;
- аудио және видео файлдар;
- ойын түріндегі жаттығулар енеді.

Қалыптастырушы эксперимент барысында осы электронды оқу ресурстарының жиынтығы, заманауи технологиялардың көрінісі ретінде мобильдік қосымшаларды пайдаландық. Бұл қосымшаларда балаларға арналған логопедиялық ойындар мен жаттығулар, сонымен қатар «Ата-аналарға!» бөлімі де орын алып, бұл бөлімнің баланың сөйлеу тілін дамытудағы маңызы зор екені байқалды. «Ата-аналарға!» бөлімінде «Баланың сөйлеу және физиологиялық тыныс алуының ерекшеліктері», «Сөйлеу және баланың қозғалысы», «Баланың сөйлеуінде қимыл-қозғалыстың ролі» т.с.с. тақырыптар қамтылған. Бұл тақырыптарды ата-аналарға ұсыну арқылы оларды баланың сөйлеу тілінің физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктерімен таныстыру көзделуде. Бұл мағлұматтар ата-ана үшін баланың сөйлеуін дамытуда көмекші құрал болады деп күтілуде.

Мобильдік қосымшада мектеп жасына дейінгі білім беру мекемесінің стандарттарына, яғни логопедтің тақырыптық-күнтізбелік жоспарына сәйкес келетіндей ойындар («Көңілді тіл», «Циркке саяхат», «Қос бармақ» т.с.с. көңілді ойындар), тыныс алу жаттығулары, саусақ және артикуляция гимнастикасы, мимикалық жаттығулар, жас ерекшеліктеріне қарай сөйлеу арқылы есту қабілеттерін дамытушы ойындар мен жаттығулардың үлгілері видео-көрініс ретінде балалар мен олардың ата-аналарына ұсынылады.

Қашықтан оқыту технологиясын жүзеге асыруда ата-ананың ролі зор. Офлайн форматтағы логопедтің түзету жұмыстарында өткен тақырыптарды ата-анамен бірге демалыс күндерінде тапсырмаларды қайталауға мүмкіндік береді. Сол үшін де кез-келген онлайн түзету жұмыстары ата-ана логопед-педагогпен тез, әрі ыңғайлы байланыс орнатуына жағдай туғызады.

Қалыптастырушы эксперимент бойынша мобильдік қосымшамен, сондай-ақ видеочат арқылы логопедтің түзету жұмыстары ұйымдастырылады. Мобильдік қосымшадағы: «Кім не істеп жатыр?» ойыны, «Қыдыр атаның сыйлығы», «Түрлі-түсті бұлттар», «Көктем бізге не әкеледі?», «Адамның дене мүшелері» іспеттес ойындар ата-ананың және экран бетіндегі логопедтің бақылауымен алдын ала көрсетіліп, кейін ойындар мен жаттығулар ойнатылады.

Бұл кезеңде қашықтан оқыту технологиясы арқылы логопедтің түзету жұмыстары келесі формада өткізілді:

1. Бастапқы және кейінгі сабақтар онлайн форматта өткізілді.

2. Арнайы алдын-ала дайындалған видео-сабақтар (логопедиялық жаттығулар, жан-жақты көрсетілген фильмдер, сюжеттер, роликтер) негізінде ұйымдастырылды.

3. Логопедтік кеңес беру (әлеуметтік платформалар арқылы).

4. Вебинар арқылы өтілетін логопедтің түзету жұмыстары.

5. Мастер-кластар.

6. Ойын (дидактикалық).

7. Интерактивті ойындар т.б.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен ұйымдастырылған қашықтан оқыту технологиясының көмегімен мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қоры жетіліп, сөздерді байланыстыру, грамматикалық құрылымымен жұмыс реттелді.

«Сауатты бала» мобильдік қосымшасында «Сөйлеу тілінің грамматикалық жүйесін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен ойындар» бөлімі бар. Сол бөлімді қашықтан оқыту жүйесі негізінде қолданылды. Осы жаттығулар топтамасының кейбіреулеріне тоқталсақ.

1-жаттығу. «Орнына қой» жаттығуы.

Балаларға орындалған іс-әрекеттегі өткен шақтағы сөздер айтылады. Тәжірибеге қатысқан мектепке дейінгі жастағы балалар сол сөздерді осы шаққа құбылтып айтып шығуы керек. Мәселен:

- іштім – ішіп отырмын.
- сурет салғанмын -...
- кітап оқығанмын -...
- музыка тыңдағанмын -...
- қолымды жуғанмын -...
- әкелдім -...

2. «Қатені тап!» ойыны.

Логопед алдын – ала дайындалған сөйлемді айтады. Бұл ойын барысында мектепке дейінгі жастағы бала логопедтің сөйлеген сөздерінің ішінен қатені тауып, дұрысталған үлгісін қайта айтуы керек. Мәселен:

- Айгерім есіктің алдындағы гүлден су құйды (қате сөзді тауып, дұрыстап қайта айту керек).

- Ербол үйден кірді.

3. «Керісінше айт» ойыны.

Бала мен логопед бірге өткізеді және логопед допты алып бір іс-әрекеттік сөзді айтады және допты балаға лақтырады. Доп балаға өтіп, логопедтің айтқан сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөзді немесе сөз тіркесін бала айтады. «Сауатты бала» мобильдік қосымшасында доптың электронды үлгісі сөзбен бірге логопедпен балаға жіберіліп отырады. Ата-ана бұл процесті бақылап отырады. Мәселен,

- құяды – төгеді;

- ашады – жабады;

- кіргізеді – шығарады;

- жинайды – шашады;

- келеді – кетеді.

4. Сурет бойынша сөйлем құрастыру.

Логопед балаға сурет көрсетеді. Бала сол суреттегі іс-әрекетті атап сөйлем құрастыруы керек. Мәселен:

- мысықтың суреті. Логопедтің сұрағы: Мысық не істейді? Мысық мияулайды.

- иттің суреті. Логопедтің сұрағы: Ит не істейді? Ит үреді.

- сиырдың суреті. Логопедтің сұрағы: Сиыр не істейді? Сиыр мөңірейді.

- аттың суреті. Логопедтің сұрағы: Ат не істейді? Ат кісінейді.

5. «Ақылды басқыш» ойыны.

Балаға суреттер жіберіледі. Ол суреттер шеңбер түрінде топтастырылған. Логопед балаға іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтады (жеке-жеке). Бала сол сөзге сәйкес суретті тауып, өз бетінше сөйлем құрастырады. Мысалы, логопедтің сөзі: «сайрайды» сөзі. Бала бұлбұлдың суретін таңдап, «Орманда бұлбұл сайрайды» деген сөйлем құрастырды.

Енді, біз қалыптастырушы экспериментте зерттеу экспериментіне қатысқан балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қашықтан оқыту технологиясын пайдалану арқылы ұйымдастырылған түзету жұмыс түрлерінің барысында кездескен артықшылықтары мен кемшіліктерін жеке-жеке келесі кесте түрінде (1-кесте) сипаттама бере кетейік.

**1-кесте** – Қалыптастырушы экспериментте пайдаланылған қашықтан оқыту технологияларының артықшылықтары мен кемшілік тұстары

Аталуы	Мүмкіндіктері	
	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Чат-технологияларына негізделген логопедиялық сабақ.	Чатқа қатысқан барлық балаларды қамту мүмкіндігінің болуы.	Әлеуметтік желіні мектепке дейінгі жастағы баланың пайдалана алмауы. Бұл сабақтар ата-аналардың көмегімен жүзеге асады.
Видео-сабақтар. Тікелей онлайн арқылы ұйымдастырылатын видео сабақтар.	Бала өзіне ыңғайлы аймақта отырып, сабаққа қатыса алады. Логопедиялық жаттығулар мен ойындар видео түрінде көрсетіледі. Ата-ананың көмегімен, логопедтің басқаруымен сабақ өткізіледі.	Мектепке дейінгі жастағы бала компьютер мен мобильдік қосымшаны еркін игере алмайтындығы байқалды. Сондықтан бұл сабақтар ата-ананың көмегімен ғана ұйымдастырылды.
Компьютерлік – логопедиялық ойын-жаттығуларына негізделген сабақ.	Баланың сөйлеу тілін дамытуға бекітуші – нығайтушы сипатқа ие болды.	Қалыптастырушы экспериментте ойындардың біраз бөлігі компьютер көмегімен, ал жеңіл ойындар мобильдік қосымша арқылы балаға ұсынылды. Тәжірибе барысында басты кемшілік – ойын барысында балалардың тез жалығуы болды.

Анықтау және бақылау кезеңдерінде экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалардың сөйлеу тіліндегі сөздер мен етістіктерді түсіну, фонематикалық алдын ала елестету, балалардың сөздік қорын зерттеу, сөйлеу құрылымын түсіну деңгейлері анықталып, диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Тәжірибеге қатысқан балалардың сөйлеу тілінің деңгейін зерттеу 2 блоктан құралған. Олар:

1 блок – сөздер мен етістіктерді түсіну, балалардың сөздік қорын анықтауға бағытталған (сөйлеудің грамматикалық жүйесін зерттеуге).

2 блок – экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалардың сөйлеу тілі дағдыларын тексеруге бағытталған.

1 блок – сөздер мен етістіктерді түсіну, балалардың сөздік қорын зерттеу, сөйлеу құрылымын түсіну деңгейлерін анықтауға бағытталған диагностикалық зерттеу жұмыстары.

**2-кесте** – Зерттеуде қолданылатын диагностикалық кешенге сипаттама

№	Сөйлеу тілінің параметрлері	Осы параметрлерді анықтау үшін қолданылатын диагностикалық тәсілдер
1	Пассивті сөздік қордың көлемі (күнделікті өмірде жиі қолдана бермейтін сөздік қордың мөлшері)	Суреттегі бейнені тани – ажырата білу
2	Жиі қолданыстағы емес сөздік қордағы мағынасы жақын сөздерді ажырату	Суреттердегі заттар мен құбылыстардың бір-біріне мағынасы жақындарын ажырату
3	Жиі қолданыстағы емес сөздік қордың мазмұнын жүйелеу	Суреттерді топтастыра біріктіру немесе топтарға ажырата бөлу

Тәжірибеге қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалардың сөйлеуінің қалыптасу деңгейін айқындауға бағытталған әдістемелік-диагностикалық кешен келесідей:

1-тапсырма. Суреттегі бейнені тани білуі (анықтай білу, суретті атай алуы, сипаттай

алуы). Бала суреттегі бейнені жеке-жеке атап, сипаттап беруі арқылы баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау.

Нәтижелерді талдау (анықтау). Балаға 30 сурет ұсынылады. Әрбір суретте белгілі бір зат немесе заттар, құбылыстар мен іс-әрекеттер бей-



неленген. Бала осы затты, құбылысты немесе іс-әрекетті анықтап сипаттай алса – 1 балл, ал сипаттай алмаса – 0 балл алады.

2-тапсырма. Бір-біріне сәйкес келетін сөздерді табыңыз.

Балаға жағдаяттық суреттер ұсынылады және сол суреттердің астына қайсы бейнеге қайсы іс-әрекет сәйкес келетінін анықтау керек. Мәселен: інім, әкешім, анашым, әжем.

Іс-әрекеттік суреттерге:

- ойнайды, билейді, шулайды;
- теледидар көреді, анама көмектеседі;
- тамақ пісіреді, бауырсақ пісіреді, киім тігіп береді;
- ертегі оқып береді.

Әрбір дұрыс сәйкестендіруге 5 балл. Ең жоғарғы балл – 20 балл, ең төменгі балл – 0 балл.

3-тапсырма. Суреттегі іс-әрекеттік бейнелерді өткен шаққа ауыстыру арқылы сөйлеу тілін анықтау.

Тапсырманың ережесі: балаға жағдаяттық суреттер ұсынылады. Суреттерді атап, сол суреттегі бейнені өткен шақта әңгімелеп беруі керек. Мысалы; «Айгүл қаламсапты жинауда» суреті берілсе мектепке дейінгі жастағы бала осы сөйлемді өткен шақта құрастырып сөйлеуі керек. Мәселен, Айгүл қаламсабын жинап қойған. Кейін келер шаққа ауыстырады, мәселен Айгүл қаламсабын жинайды. Осы арқылы баланың байланыстырып сөйлеу деңгейі анықталады.

4-тапсырма. Қазақ тіліндегі жақтар бойынша сөйлеуді анықтауға бағытталған тапсырма. Балаларға лексикалық материалдар беріледі. Мәселен, ойнау, ән айту, күлу, отыру, жүгіру.

Экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалар берілген лексикалық материалдарды жеке-жеке жақ бойынша сөйлем құрастырады. Мәселен: сен ойнайсың, ол ойнайды, олар ойнайды. Осылайша, әрбір лексикалық материалды жеке-жеке жақтайды.

5-тапсырма. Экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалардың байланыстырып сөйлеуін тексеруге бағытталған жаттығу. Балаларға лексикалық материалдар ұсынылады. Мәселен, достасамын, тыңдаймын, жылаймын, тамақтанамын, сағынамын.

Осы лексикалық материалдарға сәйкес сөйлемнің басы оқылды, ал бала сол сөйлемнің жалғасын лексикалық материалдағы сөздердің бірін таңдап жалғастыруы керек. Мәселен:

- Айгүл менің досым, мен онымен достасамын.
- Анашым таңғы ас дайындады, мен енді тамақтанамын.

6-тапсырма. Экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балаларға бірқатар сөздер ұсынылды және балаға сол сөздердің қарама-қарсы мағынасы бар сөздерді лексикалық материалдан табу ұсынылды. Лексикалық материалдар төмендегідей: сөйлейді, кірді, қуанады, жүгінеді, ашты, кетті, байлады. Мәселен, «Айгүл қуанды» деген сөйлемге бала «Айгүл мұңайды» деген қарама-қарсы мағыналы сөйлем құрастыруы керек. Осы тапсырмалар жүйесі бойынша экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы баланың сөздік қоры анықталды. Оның ішінде: белсенді сөздік қоры, белсенді емес сөздік қоры, сөзді құрастыра алу қабілеті, сондай-ақ сөзді өзгерте алу қабілеттері диагностикаланды.

Әрбір диагностикалық тапсырма 3 балдық шкала бойынша бағаланды. Онда:

- 1 балл – төмен деңгей.
- 2 балл – орта деңгей.
- 3 балл – жоғары деңгей.

Тапсырмаларды орындап болған соң мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың сөздік қорының (сөзді құрастыра-өзгерте алу) төмен, орташа, жоғары деңгейлері белгіленіп, анықталады.

Бағалау критерийлері:

3 балл – баланың тапсырмаларды толық дұрыс, өз бетінше орындаған жағдайда берілетін (қойылатын) балл. 3 балл алған жағдайда баланың сөйлеу деңгейін өзіндік түзету жұмыстарын ұйымдастыру деңгейі жоғары.

2 балл – берілген тапсырмаларды логопед-педагогтің көмегінсіз жартылай болса да өз бетінше орындай алған жағдайда қойылатын балл.

1 балл – берілген тапсырмаларды логопед-педагогтің көмегінсіз жартысынан аз бөлігін өз бетінше орындай алған жағдайда қойылатын балл.

Балалардың сөздік қоры мен сөйлеу деңгейіне байланысты диагностикалық зерттеу жұмысы бойынша жинақталған баллдардың деңгейі келесідей:

- 18 – 15 балл – жоғары.
- 14 – 9 балл – орташа.
- 0 – 8 балл – төмен.

Анықтау және бақылау тәжірибесінің I-блогының нәтижелерін сандық және сапалық талдау жұмыстарының мақсаты: тәжірибеге қатысқан арнайы балабақша топтарындағы баланың сөйлеуіндегі сөздерді меңгеру, түсіну деңгейі және сөздік қорын анықтау.

I-блок диагностикалық жұмыстарының нәтижелері бойынша балалардың 50% (10 бала)

төмен деңгейді көрсеткен. Бұл балалар тапсырманы орындауда қиындық танытқан және логопедтің көмегіне көп сүйенген.

I-блок эксперимент бойынша балалардың сөздік қоры өте аз екендігі мәлім болған. Ол бойынша:


- балалардың белсенді сөздік қорына қарағанда пассивті сөздік қоры мол екендігі анықталды.

- сөздерді түсінудегі (ұғынудағы) дәлдік пен анықтық жоқтың қасында.

I-блок диагностикалық жұмыстар бойынша орташа деңгейдегі топ 40% (8 бала) пайыздық көрсеткіштегі балалар орташа деңгейді көр-

сеткен. Олар тапсырманың жартысынан көбін орындай алған. Жоғары деңгейде 2 баланы көре аламыз. Мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөздік қорының диагностикалық диаграммасы (анықтау кезеңі) 1 суретте ұсынылды.

Балалардың басым бөлігі қарама-қарсы мағынаны білдіретін сөздерді тауып, анықтауда сөздерді жалғастыруға бағытталған тапсырмаларды орындауда жақ бойынша тапсырмаларды орындауда қиналып, кідіріп қалды. Балалардың тапсырмаларды орындауы 3-кесте мазмұнында орын алды.



1-сурет – Ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорының диагностикалық диаграммасы (анықтау кезеңі)

3-кесте – Анықтау эксперименті кезеңінде эксперименттік топ балаларының тапсырмаларды орындау нәтижелері

Деңгейлер	Тапсырмаларды орындау нәтижелері					
	Тапсырма №1	Тапсырма №2	Тапсырма №3	Тапсырма №4	Тапсырма №5	Тапсырма №6
Жоғары	0	0	0	0	0	0
Орташа	4	0	0	2	3	4
Төмен	6	10	10	8	7	6

Осылайша, эксперименттің бастапқы кезеңінде арнайы балабақша топтарындағы балалар төмен деңгейде нәтижелер көрсетіп, ешбір бала жоғары деңгейге ие болмады. Эксперименттің бастапқы кезеңіндегі диагностикалық зерттеулер келесідей нәтижелерге көрсетті:

- экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалардың сөздік қоры (белсенді және белсенді емес сөздік қоры) жетік қалыптаспаған, әрі өз жасына сәйкес келмеді.

- экспериментке қатысқан мектепке дейінгі жастағы балалардың басым бөлігі керекті сөздерді дұрыс таңдап айта алмады, ұқсас сөздермен алмастыра салатындығы байқалды, мәселен: «қуанышты» сөзінің орнына – жымияды, күледі, мәз; «ас дайындайды» сөз тіркесінің орнына – ас қуырады, ас пісіреді және т.с.с.


- балалардың көбісі суреттегі бейнені көрсете алады, дегенмен өз сөйлеу тілінде қолдануда қиналған жағдайлар да кездесті.

- сөзді құрау мен сөзді өзгерту (құбылту) деңгейі өз жасына сәйкес қалыптаспаған (дамымаған), сөйлеу тілінің грамматикалық жүйесі әлі аяқталып қалыптаспағандығы анықталды.

Қалыптастырушы эксперименттен кейін диагностикалық зерттеулерді қайта жүргізіп, қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері анықталды. Тапсырмалар қайта ұсынылды. І блок диагностикалық жұмыстарының нәтижелері бойынша экспериментке қатысқан балалардың 10% (2 бала) жоғары деңгейді көрсеткен. Эксперименттің бастапқы кезеңінде жоғары деңгейді бірде-бір бала көрсетпеген болатын. Бұл деңгейдегі балалар диагностикалық тапсырмаларды логопедтің көмегінен өз бетінше орындай алған.

Эксперимент барысында дамыту жұмыстарынан соң 6 баланы жоғары деңгейге жеткізе алдық, бұл 30% -ды құрайды. Бастапқы көрсет-

кіште жоғары деңгейде 2 бала ғана ие болған болатын, демек 4 балаға артты. Ал, орташа деңгей 45%, 9 баланы жеткізе алдық. Бұл балалар диагностикалық тапсырмалардың жартысынан көбісін өз бетінше орындай алды. Қалған 25% (5 бала) әлі де төмен деңгейдегі көрсеткішке ие болды. Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қалыптастырушы эксперимент аясында сөйлеу тілін дамытуға бағатталған онлайн логопедиялық сабақтарды жүргізу жоспарланып, жүзеге асырылды және бастапқы кезеңде төменгі деңгейдегі балалар орташа көрсеткішке ие болып, тапсырмаларды орындау барысында белсенділік танытты. Демек дамыту жұмысында жүргізіліп жатқан әдістемелеріміздің сенімділігін арттырады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорының диагностикалық диаграммасы (бақылау кезеңі) 2 суретте ұсынылды.



**2-сурет** – Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөздік қорының диагностикалық диаграммасы (бақылау кезеңі)

Жүргізілген жұмысымыздың нәтижелерін талдай отырып, келесідей көрсеткіштерді байқадық: бастапқы кезеңде жоғары деңгей 10 пайызды құраса, дамыту жұмыстарынан кейін бұл көрсеткіш 30 пайызға дейін өсті. Орташа деңгей бастапқы тәжірибеде 40 пайызды құраған, ал қалыптастыру жұмыстарынан кейін 45 пайызға дейін өсті. Төменгі деңгей бастапқы тәжірибеде 50 пайыз болса, екінші өлшемде бұл көрсеткіш 25 пайызға азайды. Осылайша, эксперименттің бақылау кезеңінде экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалардың үлесі орташадан жоғары деңгейге көтеріліп, төмен

деңгейде қалған балалардың саны айтарлықтай азайды.

II-блок.

Әдістемелер топтамасы барысында авторлар Б.С. Халыкова мен А.К. Кенжеванның [14] ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған танымдық жаттығуларды басшылыққа ала отырып, түзетеді дамыту жұмыстары жасақталды.

Нәресте шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, әр түрлі дыбыстар арасында сөйлеу тілінің кезеңдерінен өтеді. Сөйлеу тілінің шыққанға дейінгі кезеңде балада дайындық жүреді. Ай-

қай мен жылау алғашқы дауыс реакциялары. 3-4 айында гуілдеу пайда болып, бірінші дауысты дыбыстар (а, о, у, э) кейіннен еріндік дыбыстар (б, п, м) қалыптасады. Интонацияға реакция береді. 5-6 айлық сәбиде былдыр пайда болады. Баладағы алғашқы сөздердің пайда болуы жеке

ерекшеліктеріне (соматикалық жағдайы, нерв жүйелерінің түріне, тәрбиесіне) байланысты. Экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалардың сөйлеу тілі дағдыларын диагностикалау үшін төмендегідей әдістемелер қолданылды.

**4-кесте** – Жеке түзете-дамыту бағдарламасы

Түзетудің негізгі мақсаттары	Міндеттері
Сөйлеу тілінің дамуы	
Импрессивті сөйлеу тілін дамыту	
Сөйлеу тілін түсіну	Өзіне қарата айтылған қарапайым қаратпа сөздерге жауап реакциясы.
	«Бер», «ал», «бар», «тұр» нұсқауларын түсіну және орындау.
	Ым-ишара тілінде бекітілген, ауызша өтініш сөздерді түсіну және орындау: «Допты бер», «Сау бол» және т.б.
	«Қайда?» сұрағына жауап ретінде, кез келген заттарды таба алу.
	«Қайда?» сұрағына жауап ретінде, әрдайым бір жерде тұратын затты (люстра, қуыршақ және т.б.), көзбен іздеп табу.
	Кім? Не? Қайда? Кімге? сұрақтарын түсіну.
	Ым-ишара тілінде және сөйлеу тіліндегі тыйымдарды түсіну.
Фонематикалық алдынала елестету	Дыбыс шығарылған жердің бағытын анықтау.
	Заттарды дыбыстауына қарай ажырату.
	Жануарлар дауыстарын ажырата алу.
	Дауысты дыбыстарды еркін, ырғақты айтуы.
Номинативті сөздерді түсінуін қалыптастыру	Жақын адамдар мен топтағы бала аттарымен таныстыру
	Лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздік қорын қалыптастыру: ойыншықтар, дене мүшелері, киімдер, жануарлар және күнделікті тұрмыста қолданылатын зат атаулары.
Етістіктерді түсінуін қалыптастыру	Күнделікті қолданылатын енжар сөздер жинағы: ішу, жеу, ұйықтау, қыдыру.
	Ойындық іс-әрекетті білдіретін сөздер: құрау, жинау және т.б.
	Сюжетті сурет бойынша адамдар мен жануарлардың қимылын түсінуге үйрету: Қыз немен ойнауда? Ат қайда жүр?
Сөйлем құрылымын түсінуін қалыптастыру	Ойын әрекеті кезіндегі қарапайым тапсырмаларды түсіну және орындау («Қуыршақты тамақтандыр, машинаны жүргізу»).
	Тұрмыстық сөздер мен күнделікті қайталанылатын нұсқауларды түсіну («Кітапты әкел, орындықты қой, жаныма тұр» және т.б.).
	Белгілі бір реттіліктегі әрекеттерді түсіну мен орындауға үйрету (отыр-тұр-кел).



Түзетудің негізгі мақсаттары	Міндеттері
Экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	
Сөйлеуге еліктеуін қалыптастыру	Іс-әрекеттерге жауап ретінде гуілдеу немесе былдырлау
	Бірдей дыбыстық тіркестерді қайталап айтуға ұмтылысын қалыптастыру.
	Дұрыс тынысалу және ұзақ мерзімде дем шығару.
	Дауысты дыбыстарды (а, о, у, и) және дауыссыз дыбыстармен (м, б, п, т) сәйкестендірілуі.
	Балаға жақын адамдар есімдерін аморфты сөздер арқылы атау (мама-«ма», папа-«па»).
	Эмоциональдық көңіл күйін білдіру (ой, ах, ай).
	Жануарлар дауысына еліктеу (ав-ит, мяу-мысық, му- сиыр).
	Жәндіктер дыбысына еліктеу (и,з – ара).
	Музыкалық аспаптар әуені (сылдырмақ-тук, барабан-бум)
	Көлік түрлерінің үнін салу (машина – в-в-в, поезд – ту-ту).
Қарым-қатынас мәдениеті	Қарым-қатынастық сұрақтарды түсінуі.
	Сәлемдесу мен қоштасу кезіндегі сыпайгершілік.
	Ым-ишарат арқылы достық, жақындық сезімдерді көрсету.

Экспериментке қатысқан арнайы балабақша топтарындағы балалардың сөйлеу тілінің деңгейін анықтау үшін бастапқы күндері балаларға сырттай бақылау жүргізіліп, қарым-қатынас орнатылады. Музыкалық тақтаның көмегімен балалардың жануарлар дыбысына еліктеп, буын/былдыр айтуын қадағалау. Тақтадағы бірнеше жануарларды тануы мен атауы, тақырыпқа сәйкес артикуляциялық жаттығуларды орындау деңгейі анықталады. Диагностика барысы баланы шаршатпауы тиіс. Нақты бір тапсырманың көмегімен сөйлеу дағдыларын анықтап алған жөн. Сөйлеу тілі дамымаған балаларға арналған диагностикалық тексеру альбомында 1-ші деңгей балаларына арналған тапсырмалар басшылыққа алынды. Берілген нұсқаулар арқылы сөйлеу тілін түсіну деңгейі анықталып, баланың жас және психикалық ерекшеліктері ескеріліп, диагностикалық тапсырмалар іріктеліп алынды. Жобамыздың мақсатына сәйкес зерттеу базаларындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен бақылау жұмысының нәтижесінде жоғарыдағы көрсетілген жұмыстар бағытымен қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Қалыптастыру бағытындағы жұмыстарымыздан жақсы деңгейлі нәтижеге жеткендігімізді төмендегі кестеден көруімізге болады.

Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілі дағдыларын тексеру.

Нәтижесін бағалау:

Қалыптаспаған: «0» – төмен

Қалыптасуда: «0,5» – орташа

Қалыптасқан: «1» – жақсы

Берілген параметрлерді анықтау кезінде бірнеше күн қатарынан бақылау жүргізілді. Балалардың сөйлеу тілі қалыптаспаған. Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілі дамытуды қажет етеді. Сөйлеу тілі дағдылары деңгейінің диагностикасы (кезеңнің басы) 5-кестеде ұсынылды.

Артикуляциялық мүшелердің анатомиялық құрылымы қалыпты, дегенмен ауыз қуысына арналған жаттығуларды жасауда қиналды. Алғашқы сөздер тек 2 балада қажеттілік кезінде байқалды. Балалардың сөйлеу тілін түсінуі тұрмыстық деңгеймен шектелген. Ересектердің сөйлеу тіліне сирек назар аударатындығы анықталды. Нәтижелерді салыстыру кезінде 2 бала жоғары, 8 бала орташа деңгей көрсетсе, қалған 10 бала төмен көрсеткіш нәтижесін берді. Топтағы барлық бала көрсетілген зат атауларын білмеді. Жануарлар дыбысына еліктемеді, логоритмикалық әуендерге сирек түрде қосылып, педагог көмегін үнемі қажет еткендігі назар аудартты. Қашықтан оқыту технологиясының көмегімен ұйымдастырылған бақылау және қалыптастыру тәжірибе кезеңдерінің салыстырмалы нәтижесі 6-кестеде ұсынылды.

**5-кесте – Сөйлеу тілі дағдылары деңгейінің диагностикасы (кезеңнің басы)**

Қатысушылар	Сөйлеу тілі дағдылары								Деңгейі
	Жеке сөздер айтуы	Быдырлап сөйлеу	Сөйлеу тілін түсінуі	Артикуляциялық жағтыуларды орындауы	Көрсетілген затты атау	Аталған затты көрсету	Жалпы балл	Орташа балл	
№1	0.5	1	0.5	0.5	0	0.5	3	0.5	орташа
№2	0	0	0	0	0	0	0	0	төмен
№3	1	1	0.5	0.5	0	1	4	1	жоғары
№4	0.5	1	0.5	0.5	0	0.5	3	0.5	орташа
№5	0	0	0.5	0	0	0	0.5	0.08	төмен
№6	0.5	1	0.5	0.5	0	0.5	3	0.5	орташа
№7	0	0.5	0	0	0	0.5	1	0.16	төмен
№8	0	0	0	0	0	0	0	0	төмен
№9	0.5	1	0.5	0.5	0	0.5	3	0.5	орташа
№10	0	0	0	0	0	0	0	0	төмен
№11	0	0	0	0	0	0	0	0	төмен
№12	0	0	0	0	0	0	0	0	төмен
№13	1	1	0.5	1	0	0.5	4	1	жоғары
№14	0.5	1	0.5	0.5	0	0.5	3	0.5	орташа
№15	0.5	1	0.5	0.5	0	0.5	3	0.5	орташа
№16	0.5	1	0.5	0.5	0	0.5	3	0.5	орташа
№17	0	0.5	0	0	0	0.5	1	0.16	төмен
№18	0	0	0	0	0	0	0	0	төмен
№19	0.5	1	0.5	0.5	0	0.5	3	0.5	орташа
№20	0	0.5	0	0	0	0.5	1	0.16	төмен

**6-кесте – Қашықтан оқыту технологиясының көмегімен ұйымдастырылған бақылау және қалыптастыру тәжірибе кезеңдерінің салыстырмалы нәтижесі**

Қатысушылар	Бақылау кезеңінде	Қалыптастыру кезеңінің аралық нәтижесі
Сөйлеу тілі дағдыларының деңгейі		
№1	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№2	Орташадан төмен	Орташадан төмен
№3	Орташадан жоғары	Жоғары
№4	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№5	Орташадан төмен	Орташадан төмен
№6	Орташа	Орташа
№7	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№8	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№9	Орташадан жоғары	Жоғары
№10	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№11	Орташадан төмен	Орташадан төмен

Қатысушылар	Бақылау кезеңінде	Қалыптастыру кезеңінің аралық нәтижесі
№12	Орташадан төмен	Орташадан төмен
№13	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№14	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№15	Орташадан жоғары	Жоғары
№16	Орташа	Орташа
№17	Орташадан төмен	Орташадан төмен
№18	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№19	Орташадан төмен	Орташадан жоғары
№20	Орташадан жоғары	Жоғары

Бұл бағытта жүргізілген бақылаулар, талдаулар барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың іс-тәжірибесі, ғылыми-әдістемелік даярлық деңгейлері басшылыққа алынып, талдау жасалды. Сонымен қатар қалыптастыру тәжірибесі негізінде жүргізілген аралық талдау нәтижелері балалармен түзете-дамыту жұмыстарын қашықтан оқыту технологияларының көмегімен жүйелі түрде ұйымдастыру оңтайлы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік туғызды.

### Қорытынды

Осы бағытта жүргізілген жұмыстар баланың сөйлеу тілін үздіксіз дамытуға, тіл кемістігін түзетуге септігін тигізді. Баламен жүргізілетін түзету жұмыстарынан тыс уақытта, ата-ана көмегімен немесе өз бетінше тілін дамытуды көздейтін бұл әдіс ойын түріндегі тапсырмаларды қайта-қайта орындап, үнемі қайталату және қолдану арқылы тиімділігін арттыра түседі.

Анықтау эксперименті кезеңімен салыстырғанда бақылау кезеңінің көрсеткіші бойынша қашықтан оқыту технологиясы арқылы логопедтік жұмыстарды ұйымдастыруға бағытталған қалыптастырушы эксперименттік тапсырмалардан кейін балалардың сөйлеу тілін диагностикалауда келесі нәтижелік өзгерістер байқалды:

- экспериментке қатысқан балалардың сөздік қоры (белсенді және белсенді емес сөздік қоры) біршама молая түскен және жасына сай қалыптаса бастағандығы;

- сөз таңдауда және сөздерді үйлестіруде жетістіктерге қол жетіп, сөйлем ішіндегі сөздерді ұқсас сөздермен (синоним) алмастыра алу, сөздерді дұрыс таңдап қолдану әрекеттерінде мектепке дейінгі жастағы балаларда біршама оң өзгерістердің болуы.

- сөзді құрау мен сөзді өзгерту деңгейі дами бастап, ең бастысы сөйлеу тілінің грамматикалық жүйесі қалыптаса (реттеле) бастағандығы анықталды.

Қорыта айтқанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану тәсілінің тиімділігі байқалып, бұл технологияны қолдану арқылы баланың сөйлеу тілін түзетуге мол мүмкіндік барын аңғартты. Сондай-ақ ғылым мен техниканың соңғы мүмкіндіктері адамзат өмірінің барлық салаларына қарыштап еніп жатқан кезеңде балалардың сөйлеу тілін дамыту бағытында қашықтан оқыту технологияларының элементтерін (чаттар, интерактивті ойындар, қосымшалар, әлеуметтік желі, видеосабақтар, ғаламтор т.б.) пайдалануды жолға қойып, педагог логопедтер өз жұмыстарын трансформациялау керектігін біздің зерттеу жұмысымыз анықтап берді деп ойлаймыз. Қашықтан оқыту технологиясы негізінде баланың сөйлеу тілін дамытудың өзіндік педагогикалық шарттары бар екендігін зерттеу жұмысы барысында байқалды. Дегенмен, логопед-педагог мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілін дамытуға (түзетуге) бағытталған қашықтан оқыту технологияларына негізделген түзетушілік-білім беру кеңістігін құра алуы керектігін қорыта айтқымыз келеді және бұл заман талабына сай әрдайым жетілу үстіндегі логопед-педагогтардың алдына қойылатын басты міндеттердің бірі екендігіне көзіміз жетті.

### Алғыс сөз

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғы-

лыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруы негізінде ЖТН АР19678465 «Ақтөбе өңіріндегі ерекше білім беру қажетті-

ліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану» жобасын жүзеге асыру аясында жазылды.

### Әдебиеттер

1. Tsang, J.T.Y., So, M.K.P., Chong, A.C.Y., Lam, B.S.Y. and Chu, A.M.Y. (2021), "Higher education during the pandemic: the predictive factors of learning effectiveness in COVID-19 online learning", *Education Sciences*. –Vol. 11. – No. 8. – p. 446
2. Сапалы барлығына қолжетімді. Мұғалімдердің бірінші съезіне ұлттық баяндаманың жобасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Астана, 2023. –Б. 3.
3. Алехина, С.В. Принципы инклюзии в контексте развития современного образования / С.В.Алехина // Психологическая наука и образование. – 2014. – №1. – С. 5-16.
4. Елеуова А.Е. Применение информационно-коммуникационных технологий в виде презентации в работе логопеда коррекционного кабинета в период дистанционного обучения// Специальное образование. –2020. – №2. – С. 30-33.
5. Михальченко, К.А. Инклюзивное образование – проблемы и пути решения /К.А. Михальченко // Теория и практика образования в современном мире: материалы междунар. науч. конф. – Спб.: Реноме, 2012. – С. 77-79.
6. Florian L., Linklater H. Preparing Teachers for Inclusive Education: Using Inclusive Pedagogy to Enhance Teaching and Learning for All // *Cambridge Journal of Education*. – 2010. – №40(4). – P. 369-386.
7. Zalizan M.J. Learner Diversity and Inclusive Education: A New Paradigm for Teacher Education in Malaysia // *Procedia Social and Behavioral Sciences*. – 2010. – Vol. 7. – P. 201-204.
8. Cagran B., Schmidt M. Attitudes of Slovene teachers towards the inclusion of pupils with different types of special needs in primary school // *Educational Studies*. – 2011. –Vol. 37(2). – P. 171-195.
9. Сулейменова Р.А. Социальная коррекционно-педагогическая поддержка как путь интеграции детей с ограниченными возможностями. Проблемы включения детей со специальными образовательными потребностями в общеобразовательный процесс. –Алматы: Паритет, 2002. – С. 9-17.
10. Жалмухамедова А.К. Оказание ранней коррекционно-развивающей помощи детям с ограниченными возможностями / Под ред. Сулейменовой Р.А. – А., 2018. – 60 с.
11. Шабанова Б.А. Логопедия негіздері. Оқу құрал. – Павлодар, 2011. – 155б.
12. Каракулова Е.В. Педагогические условия использования информационно коммуникативных технологий и дистанционных форм работы в деятельности учителя-логопеда // Специальное образование. –2021. – № 4. –С. 170-174.
13. Лынская М. И. Организация логопедической помощи с использованием компьютерных программ //Логопед в детском саду. – 2006. – №. 6. – С. 54-56.
14. Халыкова Б.С., Кенжеева А.К. Проектирование индивидуально-развивающей программы для детей раннего возраста с ограниченными возможностями в развитии. Алматы, 2014. -56 б.

### References

- Alekhina S.V. (2014). Printsipy inkluzii v kontekste razvitiia sovremennogo obrazovaniia [Principles of inclusion in the context of the development of modern education], *Psychological Science and Education [Psikhologicheskaiia nauka i obrazovanie]*, no 1, p. 5-16 (in Russian)
- Cagran, B., & Schmidt, M. (2011). Attitudes of Slovene teachers towards the inclusion of pupils with different types of special needs in primary school. *Educational Studies*, 37(2), 171-195.
- Eleuova A.E. (2020). Primenenie informatsionno-kommunikatsionnykh tekhnologii v vide prezentatsii v rabote logopeda korrektsionnogo kabineta v period distantsionnogo obucheniiia [The use of information and communication technologies in the form of a presentation in the work of a speech therapist in a correctional room during the period of distance learning], *Spetsialnoe obrazovanie [Special education]*, no 2, p. 30-33 (in Russian)
- Florian, L., & Linklater, H. (2010). Preparing teachers for inclusive education: Using inclusive pedagogy to enhance teaching and learning for all. *Cambridge Journal of Education*, 40(4), 369-386.
- Karakulova E.V. (2021). Pedagogicheskie usloviia ispolzovaniia informatsionno kommunikativnykh tekhnologii i distantsionnykh form raboty v deiatelности uchitel'ia-logopeda [Pedagogical conditions for the use of information and communication technologies and remote forms of work in the activities of a speech therapist teacher], *Spetsialnoe obrazovanie [Special education]*, no 4, p. 170-174 (in Russian)
- Khalykova B.S., Kenzheeva A.K. (2014). Proektirovanie individualno-razvivaiushchei programmy dlia detei rannego vozrasta s ogranichennymi vozmozhnostiami v razvitiie [Designing an individual development program for young children with developmental disabilities], *Almaty*, P.56 (in Russian)
- Lynskaia M.I. (2006). Organizatsiia logopedicheskoi pomoshchi s ispolzovaniem kompiuternykh programm [Linskaya M.I. Organization of speech therapy assistance using computer programs], *Logoped v detskom sadu [Speech therapist in kindergarten]*, no 6 (13) (in Russian)



Mikhailchenko, K.A. (2012). Inkluzivnoe obrazovanie – problemy i puti resheniia [Inclusive education – problems and solutions], Teoriia i praktika obrazovaniia v sovremennom mire: materialy mezhdunar. nauch. konf. [Theory and practice of education in the modern world: materials of the international. scientific conf.], St. Petersburg: Renome, p. 70-79 (in Russian)

Sapaly barlygyna koljetimdi (2023). Mugalimderdin birinshi sezine ltyk baiandamanyn jobasy. Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrigi [Quality is available to everyone. The draft of the national report to the first congress of teachers. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan], Astana, P.3 (in Kazakh)

Shabanova B.A. (2011). Speech therapy negizderi [Basics of speech therapy], Oku kural [tutorial], Pavlodar P.56 (in Kazakh)

Suleimenova R.A. (2002). Sotsialnaia korrektsionno-pedagogicheskaiia podderzhka kak put integratsii detei s ogranichennymi vozmozhnostiami [Social correctional and pedagogical support as a way to integrate children with disabilities], Problemy vklucheniia detei so spetsialnymi obrazovatelnyimi potrebnoostiami v obshcheobrazovatelnyi protsess [Problems of including children with special educational needs in the general education process], Almaty, Rarity p. 9-17 (in Russian)

Tsang, J. T. Y., So, M. K. P., Chong, A. C. Y., Lam, B. S. Y., & Chu, A. M. Y. (2021). Higher education during the pandemic: The predictive factors of learning effectiveness in COVID-19 online learning. Education Sciences, 11(8), 446.

Zalizan, M. J. (2010). Learner diversity and inclusive education: A new paradigm for teacher education in Malaysia. Procedia Social and Behavioral Sciences, 7, 201-204.

Zhalmukhamedova A.K. (2018). Okazanie rannei korrektsionno-razvivaiushchei pomoshchi detei s ogranichennymi vozmozhnostiami [Providing early correctional and developmental assistance to children with disabilities], Ed. Suleimenova R.A., Almaty, P.60 (in Russian)

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Есенғұлова Мейрамгүл (корреспондент автор) – педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл. пошта: ms.miko77@mail.ru)*

*Рамазанова Динара – философия докторы (Ph.D), жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл. пошта: rdj\_82@mail.ru)*

*Тогайбаева Айгүлден – педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл. пошта: aikat\_76@mail.ru)*

*Ертлеуова Бактыгүл – педагогика ғылымдарының магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл.пошта: byertleuova@zhubanov.edu.kz)*

*Аманжол Марина – педагогика ғылымдарының магистрі, мектепке дейінгі және бастауыш оқыту кафедрасының оқытушысы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл. пошта: aydana.ayzharykova@mail.ru)*

#### **Сведения об авторах:**

*Есенғұлова Мейрамгүл (корреспондентный автор) – кандидат педагогических наук, доцент кафедры общей педагогики и менеджмент в образовании, Актобинский региональный университет имени К.Жубанова (г. Актобе, Казахстан, эл. почта: ms.miko77@mail.ru)*

*Рамазанова Динара – доктор философии (Ph.D), доцент кафедры общей педагогики и менеджмент в образовании, Актобинский региональный университет имени К.Жубанова (г. Актобе, Казахстан, эл. почта: rdj\_82@mail.ru)*

*Тогайбаева Айгүлден – кандидат педагогических наук, доцент кафедры общей педагогики и менеджмент в образовании, Актобинский региональный университет имени К.Жубанова (г. Актобе, Казахстан, эл. почта: aikat\_76@mail.ru)*

*Ертлеуова Бактыгүл – магистр педагогических наук, Актобинский региональный университет имени К.Жубанова (г.Актобе, Казахстан, эл.почта: byertleuova@zhubanov.edu.kz)*

*Аманжол Марина – магистр педагогических наук, преподаватель кафедры дошкольного и начального обучения, Актобинский региональный университет им. К. Жубанова (г. Актобе, Казахстан, эл. почта: aydana.ayzharykova@mail.ru)*

#### **Information about authors:**

*Yessengulova Meiramgul (corresponding author) – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of General Pedagogy and Management in Education, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, email: ms.miko77@mail.ru)*

*Ramazanova Dinara – Doctor of philosophy (Ph.D), Associate Professor of the Department of General Pedagogy and Management in Education, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, email: rdj\_82@mail.ru)*

*Togaibayeva Aigulden – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of General Pedagogy and Management in Education, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, email: aikat\_76@mail.ru)*

*Baktygul Yertleuova – master of Pedagogical Sciences, K.Zhubanov Aktobe Regional University (Aktobe, Kazakhstan, email: byertleuova@zhubanov.edu.kz)*

*Amanzhol Marina – Master of Pedagogical Sciences, teacher of the Department of Preschool and Primary Education, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, e-mail: aydana.ayzharykova@mail.ru)*

Келін түсті: 26.04.2024

Қабылданды: 01.06.2024